2 минут ішінде қысқатолқынның ЖОҒАРҒЫ күштілік сатысында (900 Вт) тағамды даярлауды тапсыру үшін **Быстрый старт** басқышын төрт рет басыңыз.

Сіздің пешіңіз сіз басқышты төрт рет басып үлгергенше жұмысын бастайды.



Қолданбаңыз



Айналма Ұршық

Даярлау уақытын ұзарту немесе қысқарту

Келесі мысалда біз сіздерге даярлау уақытын ұзарту немесе қысқарту үшін Скоростной Русский Повар орнатылған бағдарламасын қалай өзгерту керектігін көрсетеміз.



Егер Скоростной Русский Повар қандай да бір бағдарламасын қолдану кезінде сіз тағамның толық даярланбағанын немесе даяр екенін көрсеңіз, АЙНАЛДЫРАТЫН ТҰТҚАНЫ айналдыру арқылы сіз даярлау уақытын ұзарта немесе қысқарта аласыз.

АЙНАЛДЫРАТЫН ТҰТҚАНЫ айналдып, сіз кез-келген сәтте даярлау (тек еріту тәртібінен басқа) уақытын ұзарта немесе қысқарта аласыз.

Даярлау уақыты	*Ұзарту немесе қысқарту уақыты*
0~3 минут	**10 секунд**
3~20 минут	**30 секунд**
20~30 минут	**1 минут**
30~90 минут	**5 минут**


1 **Стоп/Сброс** басқышын басыңыз.



2 **Скоростной Русский Повар** бағдарламасының қажеттісін таңдаңыз.


Азық-түліктердің салмағын тапсырыңыз.

Старт басқышын басыңыз.



3 **Айналдыратын тұтқа** тұтқасын бұраңыз.

Тамақ жасау уақыты көбейеді немесе азаяды.




Ұршық
орнату және қолдану

Төменде келтірілген мысалда мен 1 кг бітеу тауықты даярлау ә көрсетемін



KA

Тауықты гриль-барға салғанда, оны тік ұң (суретте көрсетілгендей)



Суретте көрсетілгендей бітеу тауықты даярлау алдында тауықтың аяқтарын, қ және денесін мақта жіппен байлаңыз

1

Стоп/Сброс басқышын басыңыз.




2

Скоростной Русский Повар басқышын басыңыз.




3

Дисплейде “SC 4” пайда болғанша, **Айналдыратын тұтқаны** айналдырыңыз.
Таңдалған күштілікті таңдау үшін **Ввод** басқышын басыңыз.
Дисплейде “0.80kg” пайда болғанша, **Айналдыратын тұтқаны** айналдырыңыз.



4

Тамақтарды айналмалы істікке шаншып қақтап пісіріңіз.






Ұршық пен металды легенді қалай тазалау қажет

Даярлау аяқталған соң, даярланған тағамды ұршықтан алыңыз. Ұршыққа, металды легенге және даярланған тағамға қол тигізгенде абай болыңыз, өйткені олар өте ыстық. Даярланып болған соң ұршықта және металды легенде даярланған тағамның бөліктері қалады.


Ұршық пен металды легенді жуғыш дауа және жұмсақ шүберекпен жуыңыз. Егер ұршық пен металды леген бәрібір таза жуылмаса, оларды жуғыш дауа қосылған жылы суда бірнеше минутқа қалдырыңыз. Қолдану кезінде үстемені зақымдайтын металды бөлшектері бар шүберектерді пайдаланбаңыз.

5 Ұршықтың соңын пеш камерасының сол жақ қабырғасындағы жұдырықшаға қойыңыз.



Сол жақ қабырғадағы жұдырықша

6 Ұршықтың екінші соңын ұршықты ұстағыштағы оймаға қойыңыз.





Ұршықты ұстағыш

Даярлау аяқталған соң ұршықты екі жағынан ұстап тұрып шығарыңыз, ол үшін мұқият оң жақтағы соңын, сонан соң жұла көтеріп сол жағын алыңыз.

ЕСКЕРТУ:


1. Ұршықты ет-гриль және тауық еті-грилін даярлауға қолданған ыңғайлы. Ұршықты айналдыру асты артығымен пісіріп жіберудің алдын алуға қажетті.
2. Ұршықты гриль, конвекция және кәуап тәртібінде қолдануға болады.
3. Ұршық қысқатолқынды пеште тек қана ұршықта тағам даярлаған кезде болуы керек, сонан соң пештен алынып, өзге де қосымша заттармен бірге сақталуы қажет.





ЕСКЕРТУ:

1. Алдын-ала пешке азық-түліктерді салмайныша, ұршық пен металды легенді қолдануға болмайды, өйткені бұл қысқатолқынды пештің ішкі камерасын зақымдауға әкеліп соқтырады.
2. Даярлану аяқталған соң металды леген өте ыстық болады.
3. Даярланар алдында үнемі айналдыратын үстел бетіндегі майды жақсылап тазалаңыз. Айналдыратын үстел үстінде қалған қыздырылған май жағымсыз иіс пен ыс сасуы мүмкін.



Ұршық монтаж




KA

Ескерту

Балаларға ұршықпен ойнауға жол бермеңіз.

1


Екі шампурды сол жақтағы тегістікпен қосыңыз.



Сағат тілі бойынша екі шампурды сол жақтағы тегістікке айналдырыңыз.

2


Оң жақтағы тегістікке қосыңыз.



Кәуапқа арналған жиынтықты оң жақтағы тегістікке күшпен итеріңіз.

3

Шампурларды орнатыңыз.



Ұршықты ұстағышты орнатыңыз.

Шампурларды өткір жағымен сол жақтағы тегістікке салыңыз.

Шампурлардың өзге жақтарын оң жақтағы тегістіктің тесіктеріне салыңыз.

Толық бекіткенше сағат тілімен айналдырыңыз. Ұршықты жинау үшін 4 рет қайталаңыз.

Ыдысты en 60705 стандарттарына сәйкестігін бақылау

Функция	Ас	Қысқатолқындардың Ваттағы күштілігі , Минуттағы даярлау уақыты	Қыздыру түрі °C температура	Ескерту
Қысқатолқындардың көмегімен еріту	Ет	600 Вт, 1-2 + 90 Вт, 5-7	-	Тегіс табақ. Табақты металды тосқышқа қойыңыз. Пештің 600 Вт күштілігі жұмысында азық-түлікті 1-2 минуттан соң аударыңыз.
Қысқатолқындардың көмегімен даярлау	Қайнатылған крем	360 Вт, 27-30	-	“Ругех” ыдысын төменгі торға қойыңыз.
	Бисквит	900 Вт, 5-7	-	Диаметрі 22 см “Ругех” ыдысын төменгі торға қойыңыз.
	Шұжықты нан	600 Вт, 15-20	-	“Ругех” ыдысын төменгі торға қойыңыз.
Қысқатолқындардың көмегімен біріктіріп даярлау	Картоп қосылған қуырылған ақ нанның тілімдері	360 Вт, 21-26	Скоростная Комби-5 180 °C	Диаметрі 22 см “Ругех” ыдысын металды тосқышқа қойыңыз.
	Кекс	180 Вт, 12-16	Скоростная Комби-5 180 °C	Диаметрі 22 см “Ругех” ыдысын металды тосқышқа қойыңыз
	Балапан	180 Вт, 42-46	Скоростная Комби-5 250 °C	Балапанды кеудесін астына қаратып, төменгі торға қойыңыз. 25 минуттан соң азық-түлікті аударыңыз.

Қауіпсіздік туралы маңызды нұсқаулар

Зейін қойып оқыңыз және болашақтағы анықтамалар үшін сақтап қойыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Өтініш, тағамды даярлау уақытын дұрыс орнатқаныңызды қашаанда тексеріңіз, өйткені өте ұзақ даярлау тағамның КҮЙІП КЕТУІНЕ, соңынан ПЕШТІҢ БҰЗЫЛУЫНА әкеп соқтыруы мүмкін.

KA

1. Есіктерді, басқару панелін, блокада жасайтын байланыстарды және пештің өзге де бөлшектерін жөндеуді және реттеуді өзіңіз жасауға талпынбаңыз. Пешке қызмет ету және жөндеу, қысқатолқынды қуаттың сәулеленуінен қорғауды қамтамасыз ететін кез-келген қабығы мен қақпақтарын алумен түйіндесетін операцияларын орындау қауіпті. Жөндеуді қысқатолқынды техниканы жөндейтін мамандандырылған маман ғана жүргізуі қажет.
2. Пешті іші бос кезде қоспаңыз. Пеш қолданылмай тұрған кезде, оның ішіне стақан су қоюға кеңес беріледі. Егер сіз абайсызда пешті қосып қойсаңыз, су барлық қысқатолқынды қуатты жұтып қояды.
3. Қысқатолқынды пеште, егер сіз оны ұзақ қыздыратын болсаңыз, көмірленіп немесе жанып кететін киімдерді кептірмеңіз.
4. Егер аспаз кітабында қандай да бір асты даярлау туралы осындай кеңестер берілмеген болса, азық-түліктерді қағаз шашыққа орап даярламаңыз.
5. Тағамды даярлау кезінде қағаз шашықтардың орнына газеттерді қолданбаңыз.
6. Ағаш ыдысты пайдаланбаңыз. Ол қызып кетіп, көмірлеуныі мүмкін. Металмен өрнектелген (мысалы, алтынмен немесе күміспен) керамикалық ыдысты пайдаланбаңыз. Азық-түліктерді байлайтын бұралған сымды қашанда шешіп тастаңыз. Металды заттар пешті айтарлықтай зақымдайтын электрлі доғаның пайда болуына әкеп соғуы мүмкін.
7. Есік пен алдыңғы үстемелер аралығында асхана шашығы, майлық немесе өзге де кедергі тұрса, пешті қоспаңыз, өйткені бұл қысқатолқынды қуаттың сыртқа шығуына жол беруі мүмкін.
8. Екінші рет өңделген шикізаттан жасалған қағазды қолданбаңыз, өйткені олардың құрамында ұшқын және/немесе күюді тудыратын қоспалар болуы мүмкін.
9. Айналма тосқышты тағамды даярлап бола сала суға салып жумаңыз. Ол сынып кетуі немесе жарылуы мүмкін.
10. Тағамның аз мөлшерін даярлау немесе жылыту үшін аз уақыт қажет. Егер сіз әдеттегі уақытты бағдарламалайтын болсаңыз, тағам қатты қызып кетуі немесе күюі мүмкін.
11. Пеш абайсызда еденге аударылып кетпеу үшін есіктің алдыңғы жағы пеш орнатылған үстемеден ең болмағанда 8 см-ге арырақ орналасуын қамтамасыз етіңіз.
12. Даярлау алдында картоптың, алманың және өзге де осы сияқты көкөністер мен жемістердің қабығын шанышқымен шаншыңыз.
13. Пеште жұмыртқаны қабығымен даярламаңыз. Жұмыртқаның ішінде қысым пайда болып, ол жарылып кетеді.
14. Өзіңіздің пешіңізде фритюр асын даярлауға талпынбаңыз.
15. Азық-түліктерді даярлау немесе еріту алдында, олардан пластикалық қораптарын алып тастаңыз. Бірақ кейбір жағдайларда даярлау немесе қыздыру кезінде тағам пластикалық пленкамен жабылған болуы керектігіне назар аударыңыз.
16. Егер пештің есігі немесе тығыздағыштар бұзылған жағдайда, оны маман жөндегенше, пешті қолдануға болмайды.
17. Егер сіз түтінді байқап қалсаңыз, пештің есігін ашпаңыз, оның орнына от ауа түспеген күйде сөніп қалу үшін пештің желі сымын тоқ көзінен шығарыңыз.
18. Тағам бір рет қолдануға жарайтын пластикалық, қағаз немесе өзге күйетін материалдан жасалған ыдыста даярланып немесе қыздырылып жатса, пешті қараусыз қалдырмаңыз, қайта-қайта пештің ішін ашып, ыдысқа ештеңе болмағанын байқап тұрыңыз.
19. Балаларға пешті қараусыз қолдануға тек қана оларды пешпен қауіпсіз қолдануға үйреткенде және бала бұрыс қолданудың қауіптілігін түсінгенде ғана рұқсат етіңіз.
20. Сұйықтықтар немесе өзге азық-түліктер герметикалық ыдыстарда қыздырылмауы қажет, өйткені олар қыздыру кезінде жарылып кетуі мүмкін.

Бұл тауардың қызмет көрсету мерзімі - тұтынушыға тауарды тапсырған күннен бастап 7 жыл.

Қауіпсіздік туралы маңызды нұсқаулар

Зейін қойып оқыңыз және болашақтағы анықтамалар үшін сақтап қойыңыз.

21. Қысқатолқынды пешке жарайтын ыдыс түсін ғана қолданыңыз.
22. Егер сіз асты пластикалық немесе қағаз ыдыста қыздырсаңыз, пешті байқап тұрыңыз, өйткені ыдыстың өртеніп кету мүмкіндігі бар.
23. Егер сіз түтінді байқасаңыз, отты сөндіру үшін пешті желіден шығарыңыз.
24. Қысқатолқынды пеште сусындарды қыздыру қатты қайнауға әкеп соқтыруы мүмкін, сондықтан сиымдылықты пешке салғанда, абайлау қажет.
25. Тамақтандыруға арналған бөтелкенің ішіндегісін және балалардың асы бар банкілерді араластыру немесе шайқау, температурасын тексеру қажет – күйіп қалмас үшін пайдаланар алдында тексеру керек.
26. Қабығы бар жұмыртқаны және қатты қайнатылған жұмыртқаны қысқатолқынды пеште қыздыруға болмайды, өйткені олар қыздыру функциясы аяқталған соң да жарылып кетуі мүмкін.
27. Есік тығыздағыштарын, камераны және ұйқаш бөлшектерді тазалау туралы нұсқау.
28. Тағамның қалдықтарын алып тастау, ал пешті жиі тазалау керек.
29. Пешті кір күйінде ұстау сыртқы жабынды зақымдауға әкеп соқтыруы мүмкін, ал ол пешті қызмет ету мерзіміне кері әсерін тигізеді, сонымен қатар қауіпті жағдай тудыруы мүмкін.
30. Осы пешке ұсынылған температура таратқышын (температура таратқыш функциясы бар үлгілерге арналған) ғана қолданыңыз.
31. Егер қыздырғыш элементтер орнатылған болса, пайдалану кезінде пеш қатты қызады. Пеш ішіндегі қыздырғыш элементтерімен байланыста болмаған жөн.
32. Пеш кішкентай балалардың немесе мүгедектердің қараусыз қолдануына арналмаған.
33. Микротолқынды пешті пайдаланғанда оның сәндік есігі ашық болуы тиіс.
34. Бұл байланысты қамтамасыз ету үшін пайдалануға ыңғайлы штепсель болуы тиіс немесе негізгі электр желісінде электр сымдарын жүргізу ережелеріне сәйкес орнатылған ажыратқыш болуы тиіс.
35. Пеш есігінің шынысын тазалау үшін кедір-бұдырлы абразивті тазартқыштарды немесе метал қырғыштарды пайдаланбаңыз, себебі олар шыны бетін тырнап кетуі мүмкін, ал бұл шынының сынуына себеп болуы мүмкін.

⚠ Ескерту : Егер есікте немесе оның герметизациялайтын тығыздағыштары зақымданған болса, пешті пайдалануға жол берілмейді және оны мамандандырылған маман жөндеген соң ғана қолдануға болады.

⚠ Ескерту : Электромагнитті сәулеленуден сақтайтын қақпақты алуды талап ететін қызмет көрсетуді немесе жөндеуді мамандандырылмаған маманның жүргізуі қауіпті.

⚠ Ескерту : Жабық сиымдылықта қыздырмаңыз, өйткені олар жарылып кетуі мүмкін.

⚠ Ескерту : Балаларға пешті қараусыз қолдануға тек қана оларды пешпен қауіпсіз қолдануға үйреткенде және бала бұрыс қолданудың қауіптілігін түсінгенде ғана рұқсат етіңіз.

⚠ Ескерту : Пайдалану кезінде ашық бөліктері ысып кетуі мүмкін. Кішкентай балаларды жақындатпау керек.

Қысқатолқынды пешке арналған ыдыс

KA

Өзіңіздің қысқатолқынды пешіңізде ешқашан металды ыдысты немесе металмен өрнектелген ыдысты қолданбаңыз

Қысқатолқындар металл арқылы өте алмайды. Олар пешке салынған кез-келген металды заттан шағылысып тұрады, және шығу тегі бойынша найзағайға ұқсайтын электрлі доғаның пайда болуына себепті болады. Жылуды сақтайтын металл емес асхана ыдыстарының көп бөлігі қысқатолқынды пеште қолдануға қауіпті емес. Бірақ кейбір ыдыстың құрамында оны қысқатолқынды пеште қолдануға жарамсыз ететін материалдар бар. Егер сізде қандай да бір нақты ыдыстың жарамдылығына күдігіңіз болса, бұл ыдыстың қысқатолқынды пешке жарамдылығын тексеретін оңай тәсіл бар. Сіздер күдік тудырған ыдысты қысқатолқынды пешке қасына стақан су қойып салыңыз. Қысқатолқын тәртібін ЖОҒАРҒЫ күштілікке 1 минутқа қосыңыз. Егер су қызса, ал сынаққа қойылған ыдыс ұстағанда салқын болса, ол қысқатолқынды пеште қолдануға қауіпсіз. Бірақ судың температурасы өзгермесе, ал ыдыс жылы болса, бұл оның қысқатолқындарды жұтқанын және оны қолдану қаупісіз еместігін білдіреді. Сіздің асханаңызда қысқатолқынды пеште тағам даярлағанда қолдануға жарайтын ыдыстар көп шығар. Жай төменде келтірілген тізімді оқып шығыңыз.

Асхана тәрелкелері

Асхана ыдыстарының көптеген түрлері қысқатолқынды пеште қолдануға қауіпсіз. Күдік туған жағдайда, ыдысты жасап шығарушынның құжатын қараңыз немесе қысқатолқынды пешке жарамдылығына тексеру жүргізіңіз.

Шыны ыдыс

Жылуды сақтайтын шыны ыдыс қысқатолқынды пешке қауіпсіз. Бұл шыныққан шыныдан жасалған асхана ыдыстарының барлық маркасна байланысты. Алайда, шарапқа арналған бокалдар немесе стақандар сияқты нәзік шыны ыдыстарды қолданбаңыз, өйткені олар қыздырған кезде жарылып кетуі мүмкін.

Азық-түліктерді сақтауға арналған пластикалық ыдыстар

Олар тағамды тез қыздыруда қолданыла алады. Бірақ олар тағамды ұзақ уақыт даярлауда қолданылмауы қажет, өйткені ақыр соңында ыстық тағам олардың деформациялануына немесе балқуына әкеп соқтырады.

Қағаз

Егер даярлау уақыты қысқа және тағамдар май мен ылғал аз болған жағдайда, қағаз тарелкелер мен ыдыстар ыңғайлы және қауіпсіз болып табылады. Қағаз шашықтар да азық-түліктерді орауға және бекон сияқты майлы астар даярланатын табаны қатарлауға өте ыңғайлы. Боялған қағазды қолданбауға тырысыңыз, өйткені бояу тағамға өтіп кетуі мүмкін. Екінші рет өңделген шикізаттан жасалған қағаз өнімдерінің кейбірінің құрамында электр доғасының пайда болуын немесе күюді тудыратын қоспалар болуы мүмкін.

Тағам даярлауға арналған пластикалық пакеттер

Егер олар тағам даярлауға арналған болса, қысқатолқынды пеште қолдануға қауіпсіз. Алайда, будың пакеттен шығып кету мүмкіндігі болу үшін пакетті міндетті түрде кесіңіз. Кәдімгі пластикалық пакеттерді ешқашан қысқатолқынды пеште даярлауға қолданбаңыз, өйткені олар еріп, жыртылып кетеді.

Қысқатолқынды пешке арналған пластикалық асхана ыдысы

Қысқатолқынды пеште қолдануға арналған әртүрлі қалыптағы және мөлшердегі асхана ыдыстары сатылуда бар. Сіз жаңасын сатып алғанша, өзіңіздің асханаңызда бар ыдысты пайдалануыңыз мүмкін.

Фаянс, балшықты ыдыс және керамика

Бұл материалдардан жасалған ыдыстар әдетте қысқатолқынды пеште қолдануға тамаша сай келеді, бірақ толық сенімді болу үшін жоғарыда келтірілген тәсіл бойынша сынап көру қажет.

САҚТАНДЫРУ

Құрамында қорғасын немесе темірі көп кейбір ыдыстар қысқатолқынды пеште қолдануға жарамсыз. Ыдыстың қысқатолқынды пеште қолдануға жарамдылығына сенімді болу үшін сіз оны сынауыңыз қажет.

Қысқатолқынды қуатты қолдану арқылы даярлау және азық-түліктердің сипаттамасы

Даярлау поцессін бақылаңыз.

Рецепттер аспаздық кітапта жақсылап жетілдірілген, бірақ оны қолдану арқылы асты даярлау жөніндегі сіздің жетістігіңіз даярлау процесін қаншалықты зейін қойып бақылағаныңызға байланысты. Тағамды даярлағанда қашанда бақылап тұрыңыз. Сіздің пешіңізге тағам даярлау басталғанда автоматты түрде жанатын шам қойылған, сондықтан сіз ішіне қарап, даярлау қалай жүріп жатқанын көре аласыз. Тағамды қашан көтеру, араластыру қажет сияқты т.б. рецепттерде келтірілген нұсқаулар талап етілген әрекеттердің ең төменгісі болып саналуы тиіс. Егер сізге тағам біртегіс даярланып жатқан жоқ болып көрінсе, өзіңіздің ойыңызша жағдайды қалай түзеу керек болса, сондай шаралар қолданыңыз.

Тағамды даярлау уақытына әсер ететін факторлар

Даярлау уақыты көптеген факторларға байланысты. Рецепте қолданылатын негіздердің температурасы даярлау уақытына өте қатты әсер етеді. Мысалы, жаңа ғана тоңазытқыштан шығарылған майдан, сүттен және жұмыртқадан жасалған бәліш, бөлме температурасындағы тура осы сияқты негіздерден жасалған бәлішке қарағанда ұзақ даярланады. Осы Нұсқауда келтірілген барлық тағамдардың рецепттерінде даярлау уақытының аралықтары көрсетілген. Егер сіз рецепте көрсетілген ең аз уақыт ішінде тағамды даярлағанда ол толықтай дайын болмауы, ал кейде сіздің қалауыңыз бойынша тағамды даярлау ең ұзақ көрсетілген уақыттан асып кетуі мүмкін. Бұл аспаздық кітапта қабылданған басты мақсат даярлау уақытын көрсеткенде керітартпа әдістемесін қолдану болып табылады. Қарап тұрсаңыз, тағам күйіп кетсе, оны жөндеуге болмайды. Кейбір рецептерде, әсіресе нанды, бәліштерді және қайнатылған кремдерді даярлау рецепттерінде, асты пештен аз-маз даяр емес кезінде алуға кеңес беріледі. Бұл қате емес. Егер асты бетін жауып қалдыратын болса, пештен алған соң да ол даярлана береді, өйткені тағамның сыртқы қабаттары сіңірген жылу жайлап ішіне енеді. Егер тағам өзінің көлемі бойныша дайын болғанша пеште тұратын болса, онда оның сыртқы қабаттары кеуіп немесе тіпті күйіп кетуі мүмкін. Сіз уақыт өте әртүрлі тағамның даярлану уақыты және тұну мерзімін анықтау жөнінде шебер боласыз.

Азық-түліктердің тығыздығы

Мысалы, торт және нан сияқты жеңіл, кеуекті тағамдар, ростбиф немесе бұқтырылған ет сияқты ауыр, нығыз тағамдарға қарағанда тез даярланады. Кеуекті тағамдарды даярлаған кезде сіз олардың сыртқы жақтарының кеуіп және сынғыштанып кетпеуін қадағалаңыз.

Тағамның биіктігі

Жоғарғы азық-түліктердің үстіңгі жағы, жекелегенде, ростбиф, төменгіге қарағанда тезірек даярланады. Осының салдарынан үлкен биіктігі бар тағамдарды даярлау кезінде аудару, кейде бірнеше рет аудау қажет болады.

Азық-түліктердегі ылғалдың құрамы

Қысқатолқындар генерациялайтын жылу ылғалды буға айналдырып жібереді, сондықтан қуыруға арналған ет және көкөністің кейбір түрлері сияқты құрғақ азық-түліктерге даярлау алдында су себу керек, немесе буды ұстап тұру үшін бетін жабу қажет.

Азық-түліктердегі сүйектер мен майлар

Сүйектер жылу шығарады, ал май еттен жылдамырақ даярланады. Осының салдарынан, сүйегі бар еттерді немесе еттің майлы бөліктерін даярлағанда, еттің біртегіс даярланбағанын және күйіп кетпеуін қадағалау қажет.

Азық-түліктердің саны

Қысқатолқындардың саны даярланатын азық-түліктердің санына қарамастан, өзгеріссіз күйде қалады. Соның салдарынан, қысқатолқынды пешке қаншалықты көп азық-түлік салсаңыз, олар соншалықты ұзақ даярланады. Сіз рецепте көрсетілген салмақтан жартылай салмағы аз қандай да бір тағамды даярламақ болсаңыз, рецепте көрсетілген даярлау уақытын ең болмағанда үштен бірге азайтуды ұмытып кетпеңіз.

Қысқатолқынды қуатты қолдану арқылы даярлау және азық-түліктердің сипаттамасы

Азық-түліктердің қалпы

Қысқатолқындар азық-түлктердің тек қана 2 см тереңдігіне кіреді; қалың тағамның ішкі жағы сырттағы жылудың генерацияланып, ішке кіруінің арқасында даярланады. Кез-келген тағамның тек сыртқы бөлігі ғана қысқатолқынды қуаттың есебінен даярланады, ал астың қалған бөлігі жылудың өткенінің арқасында даярланады. Бұдан шығатын қорытынды, тағамның ең жаман қалпы болып қалың төртбұрыш табылуы мүмкін. Бұрыштары әлдеқашан даяр болады, ал ортасы әлі жылымайды да. Қысқатолқынды пеште домалақ, жұқа астар және сақина қалыпты астар сәтті даярланады.

Жабу

Қақпақ жылу мен буды сақтайды, соның есебінен тағам тез даярланады. Жабу үшін қақпақты немесе қысқатолқынды пленканы пайдаланыңыз, бірақ будың қысымынан жыртылып кетпес үшін пленканың бір шетін көтеріп қойыңыз.

Қызарту

15 минут немесе одан да ұзақ даярланатын ет пен құс өзінің майының есебінен аз-маз қызарады. Одан да қысқа мерзірме даярланатын тағамдарға қызару үшін тұздық құюға болады, мысалы вустерширилық тұздық, соя тұздығы немесе барбекюге арналған тұздық, бұлар тәбетті ашатын түс береді. Тағамдарға қызарту үшін тұздықтың аз мөлшері құйылатын болғандықтан, тағамның ең алғашқы хош иісі өзгеріссіз қалады.

Май өткізбейтін қағазбен жабу

Май өткізбейтін қағаз майдың шашырауының тиімді түрде алдын алады және тағамға жылудың бөлігін ұстап қалуға көмектеседі. Бірақ ол қақпақ немесе жабысып тұратын пленка сияқты онша нығыз жаппайтын болғандықтан, тағамға аз-маз құрғауға жол береді.

Аралықты орнату және қамтамасыз ету

Пісірілген картоп, қалыптанған кекстер, дәмтатымдар сияқты даналы азық-түліктер қысқатолқынды пеште бір-бірінен біркелкі аралықта, айналдырып қойсаңыз, біртегіс қыздырылатын болады. Азық-түліктерді ешқашан бір-біріне бумалап қоймаңыз.

Араластыру

Тағамды қысқатолқынды пешете даярлағанда араластыру ең бір маңызды тәсілдердің бірі болып табылады. Кәдімгі даярлау кезінде азық-түліктер негіздерді араластыру мақсатында араластырылады. Алайда, қысқатолқындар көмегімен даярлағанда, азық-түлікте жылуды таратып, қайта үлестіру үшін араластырылады. Қашанда тағамды шетінен бастап ортасына қарай арластырыңыз, өйткені шеттері бірінші кезекте қызады.

Аудару

Үлкен бөлікті ет, бүтін балапан сияқты үлкен биік тағамдарды үстіңгі және астыңғы бөліктері біртегіс даярлануы үшін аударып тұру қажет. Сондай–ақ балапанның бөліктерін және қағылған котлеттерді аударуға кеңес беріледі.

Қалыңырақ өлшемдерді сыртқа жайғастыру

Қысқатолқындар тағамның сыртқы бөліктеріне “тартылатын” болғандықтан, еттің, құстың және балықтың қалыңырақ бөліктерін даярланып жатқан астың шеттеріне жайғастырған жөн. Осы жағдайда қалың өлшемдер қысқатолқынды қуатты көбірек алып, тағам біртегіс даярланады.

Экрандау

Төртбұрышты немесе үшбұрышты қалпы бар тағамның бұрыштары мен шеттерінің күйіп кетуінің алдын алу үшін оларды кейде қысқатолқындарға блокада жасайтын аллюминий фольганың бөліктерімен жауып қояды. Ешқашан фольганың тым көп бөлігін қолданбаңыз және фольганың тағамға сенімді түрде жапсырылып тұруын қамтамасыз етіңіз, олай болмаса электрлі доға пайда болуы мүмкін.

Көтеру

Қалың және нығыз тағамдар қысқатолқындар төменгі бөлікке және тағамның ортасына сіңуі үшін көтеріліп қойылуы мүмкін.

Қысқатолқынды қуатты қолдану арқылы даярлау және азық-түліктердің сипаттамасы

Тесу

Қабығы, қыртысы немесе мембранасы бар азық-түліктер, егер сіз даярлау алдында оларды теспесеңіз, пеште жарылып кетуі мүмкін. Мұндай азық-түліктерге жұмыртқаның ақуыздары мен сарыуыздары, ұлулар мен устрицалар, сонымен қатар бүтін көкөністер мен жемістер жатады.

Даярлығын тексеру

Қысқатолқынды пеште тағам тез даярланатын болғандықтан, оны жиі тексеріп тұру қажет. Кейбір тағамдарды толық дайын болғанша пеште қалдырады, бірақ көптеген тағамдарды, оның ішінде еттен және құстан жасалған тағамдарды аз-маз даяр емес кезінде пештен шығарады және оларды тұнуға қалдырып дайын болуға жеткізеді. Тұну кезінде тағамның ішкі температурасы 3°C-дан 8°C-ға дейін жетеді.

Тұну уақыты

Тағамды қысқатолқынды пештен шығарған соң 3-тен 10 минутқа дейін қалдырады. Әдетте тұну кезінде тағамды жылуын сақтау үшін, егер оның сырты кебу қажет болмаса (мысалы, кейбір бәліштер мен бисквиттер), үстін жауып қояды. Тұну тағамды дайын болуға, сонымен қатар оның араласуына және хош иісінің беріктенуіне жеткізеді.

СІЗДІҢ ПЕШІҢІЗДІ ТАЗАЛАУ

1. Пештің ішкі үстемесін тазалықта ұстаңыз

Тағамның тамшылары немесе төгілген сұйықтықтар пештің қабырғаларына жабысып қалады және тығыздағыштар мен есіктің үстемелеріне түседі. Ең дұрысы оларды бірден дымқыл шүберектің көмегімен сүртіп тастаған жөн. Тағамның ұнтақтары мен тамшылары қысқатолқынды жұтып, даярлау уақытын ұзартады. Пештің тығыздағыш үстемелері мен есік аралығындағы барлық қалдықтар мен ұнтақтарды дымқыл шүберекпен сүртіп тастаңыз. Бұл орындарды есік жақсы жабылу үшін ерекше жақсылап тазалау қажет. Майдың тамшыраны ішкі үстемелерден сабындалған шүберекпен сүртіңіз, сонан соң сабынды шүберекпен жуып, құрғақтап сүртіңіз. Қатты жуғыш дауаларды және абразивті тазалағыш дауаларды қолданбаңыз. Шыны тосқышты қолмен немесе ыдыс жуғыш машинада жууға болады.

2. Пештің сыртқы жағын тазалықта ұстаңыз

Сыртқы үстемені жұмсақ сабын мен жылы суды қолдану арқылы тазалаңыз, сонан соң сабынды жуып, корпусты жұмсақ шүберекпен немесе қағазды шашықпен кепкенше сүртіңіз. Пештің ішкі элементтерін зақымдамас үшін судың желдеткіш тесіктеріне түсіп кетуіне жол бермеңіз. Басқару панелін тазалау үшін, пеш абайсызда қосылып кетпес үшін есікті ашыңыз, панельді дымқыл шүберекпен сүртіңіз, сонан соң артынша жұмсақ шүберекпен құрғатып сүртіңіз. Тазалау аяқталған соң Стоп/Сброс басқышын басыңыз.

3. Егер бу есіктің периметрі бойынша іште немесе сыртта жиналып қалса, панельді жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Бұл қысқатолқынды пеш жоғары ылғалдық жағдайында жұмыс істегенде пайда болады, және пештің бұзылғанын білдірмейді.

4. Есік және есіктің тығыздағыштары таза болуы қажет. Тазалау үшін тек қана жұмсақ шүберекті және сабын суды пайдаланыңыз, сонан соң сабынды жуып тастап, құрғағанша жақсылап сүртіңіз.
ТАЗАЛАҒЫШ ҰНТАҚТАР; МЕТАЛДЫ ШҮБЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ПЛАСТИКАЛЫҚ ЖАСТЫҚШАЛАР СИЯҚТЫ АБРАЗИВТІ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНБАҢЫЗ.
Металды үстемелерді дымқыл шүберекпен жиі сүртетін болсаңыз, оларды таза күйінде ұстау оңай болады.

5. Ешқандай бумен тазалағышты пайдаланбаңыз.

Өте жиі туатын
сұрақтарға жауаптар

С. Пештің ішінде неге жарық жанбайды?

Ж. Бұның бірнеше себептері болуы мүмкін:
Пештің ішіндегі шам күйіп кеткен.
Пештің есігі жабылмаған.

С. Пеш есігіндегі көретін айна қысқатолқынды қуатты шығарады ма?

Ж. Жоқ. Экранды жабатын терезедегі тесіктер сондай болып жасалған, олар жарықтың өтуіне жол береді, бірақ қысқатолқынды қуаттың өтуіне жол бермейді.

С. Неге басқару панелінің басқышына басқанда, дыбыс белгісі беріледі?

Ж. Дыбыс белгісі сіздің басқарушы белгіңіз пештің есіне енгізілгенін көрсетеді.

С. Қысқатолқынды пеш оны іші бос кезінде қосса, бұзылады ма?

Ж. Иә.Ешқашан пешті іші бос кезде немесе металды тосқышын орнатпай тұрып қоспаңыз.

С. Неге жұмыртқалар кейде "жарылады"?

Ж. Сіз жұмыртқаны пісіріп, қуырып немесе жұмытқа-пашот даярлап жатқанда, сарыуыз мембрананың ішіне будың жиналуынан сарыуызы "жарылып" кетуі мүмкін. Оны болдырмас үшін жұмыртқаны даярламас бұрын сарысын тесіп қойыңыз. Ешқашан жұмыртқаны қабығымен даярламаңыз.

С. Неге тағамды даярлап болған соң, қалдырып қоюға кеңес беіледі?

Ж. Қысқатолқындады қолдану арқылы тағамды даярлау аяқталған соң, оның даярлануы "тұну" кезінде жалғаса береді. Бұл тұну мерзімі тағамға өзінің көлемі бойынша толық даяр болуға жеткізеді. Тұну мерзімінің ұзақтығы тағамның қалыңдығына байланысты.

С. Кеуекті жүгеріні қысқатолқынды пеште даялауға бола ма?

Ж. Иә, төменде жазылған екі тәсілдің бірін қолдану арқылы.

1. Арнайы қысқатолқынды пешке жасалған кеуекті жүгеріні даярлауға арналған ыдыстың көмегімен.
2. Қысқатолқынды пешке арналған сатылуда бар қораптағы кеуекті жүгеріні қолдану арқылы. Сондай-ақ қорапта қолдануға қажетті даярлау уақыты және күштілік сатысы көрсетілген.

ЖАСАП ШЫҒАРУШЫ КӨРСЕТКЕН АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ ДАЯРЛАУ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛАРДЫ ОРЫНДАҢЫЗ. КЕУЕКТІ ЖҮГЕРІНІ ДАЯРЛАУ КЕЗІНДЕ ПЕШТІ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРМАҢЫЗ. ҚОРАПТА КӨРСЕТІЛГЕН УАҚЫТТА ЖҮГЕРІ КЕУЕКТІГЕ АЙНАЛМАСА, ДАЯРЛАУДЫ ТОҚТАТЫҢЫЗ. ДАЯРЛАУДЫ ЖАЛҒАСТЫРУ ЖҮГЕРІНІҢ КҮЙІП КЕТУІНЕ ӘКЕП СОҚТЫРУЫ МҮМКІН.

САҚТАНДЫРУ

КЕУЕКТІ ЖҮГЕРІНІ ДАЯРЛАУ ҮШІН ЕШҚАШАН ОРАМА ҚАҒАЗЫНАН ЖАСАЛҒАН ПАКЕТТЕРДІ ҚОЛДАНБАҢЫЗ. ЕШҚАШАН ЖАРЫЛМАҒАН ДӘНДЕРДІ ҚАЙТАДАН ДАЯРЛАУҒА ТАЛПЫНБАҢЫЗ.

С. Неге менің пешім қысқатолқынды пешке арналған аспазшы кітабында көрсетілгендей қашанда тез даярламайды?

Ж. Өзіңіздің аспазшы кітабыңызды қайта қараңыз, барлық нұсқауларды дұрыс орындағаныңызды тексеріп, даярлау уақытының өзгеруіне қандай себептер барын анықтаңыз. Аспазшы кітабында көрсетілген даярлау уақыты және күштілік сатылары қысқатолқынды пеште тағамды даярлау кезіндегі тәсілдерді үйренуде жиі туындайтын мәселені - тағамның қатты қуырылуын және күйіп кетуінің алдын алу есебімен берілген. Мөлшер, қалпы, салмақ және тағамның қалыңдығы сияқтылар даярлау уақытын одан да ұзақ етуі мүмкін. Кәдімгі асхана плитасын қолданған сияқты, аспазшы кітабындағы нұсқауларды орындаңыз, сонымен қатар тағамның дұрыс даярлануын қамтамасыз ету үшін өзіңіздің дұрыс санаңыз бен тәжірибеңізді қолданыңыз.

Желі айырын монтаждау жөніндегі ақпарат/
Техникалық сипаттамалар

⚠ *ЕСКЕРТУ*

Бұл өнім жерге қондырылуы керек

Желі сымындағы өткізгіштер келесі кодқа сай боялған:
КӨК -Нейтралды
ҚОҢЫР -Кернеу үстінде
САРЫ ЖӘНЕ ЖАСЫЛ -Жер

Бұл түстер сіздің айырыңызда түсті белгілерге сай келмейтін болғандықтан, былай істеңіз:

КӨК түсті өткізгіш N әрпімен белгіленген немесе ҚАРА түсі бар айырдың байланысына қосылуы керек.

ҚОҢЫР түсті өткізгіш L әрпімен белгіленген немесе ҚЫЗЫЛ түсі бар айырдың байланысына қосылуы керек.

САРЫ ЖӘНЕ ЖАСЫЛ немесе ЖАСЫЛ түсті өткізгіш E әрпімен немесе ⏚ белгісімен белгіленген жерге қондыратын байланысқа қосылуы керек.

Егер өнімнің желі сымы зақымданса, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін оны жасап шығарушы фирманың өкілі, қызмет ету жөніндегі оның агенті немесе осы сияқты мамандығы бар адам ауыстыруы керек.

Техникалық сипаттамалар

		MP-9485SR/MP-9485SRS/MP-9485SRB
Қорек көзі		230 В/50 Гц
Шығатын күштілік		900 Вт (IEC60705 стандарты бойынша)
Қысқатолқындар жиілігі		2450 МГц
Габаритті мөлшерлер		527 мм (Ш)x 392 мм (В)x 480 мм (Г)
Қолданылатын күштілік	Гриль	Макс.1600 Вт
	Комби	Макс.2350 Вт
	Конвекция	2300 Вт
	Қысқатолқындар	1650 Вт

KA

Memo